

Айнабұлақ ауылдық округінің Айнабұлақ ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшіні жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Айнабұлақ ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 қыркүйекте № 5213 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Айнабұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 20 шілдедегі № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Айнабұлақ ауылдық округі әкімінің 20.07.2018 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2 тармағына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 10 шілдедегі № 262 ұсынысы негізінде Айнабұлақ ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Айнабұлақ ауылдық округінің Айнабұлақ ауылына мүйізді ірі-қара малдарынан сарып ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Айнабұлақ ауылдық округі
әкімінің міндетін уақытша атқарушы:*

М. Көшербаев